

Келес аудандық білім бөлімі  
ЖШС «Алтын ұя-2050» бөбекжай балабақшасында  
менгеруші жанындағы жиналыстың

№4 Хаттамасы

Қатысқаны: 10  
Қатыспағаны:

17 - мамыр  
2024 жыл

Күн тәртібінде

1. Ұлттық, адамгершілік қасиеттерін дамытуда қолданылатын сюжетті рөлді ойындар
2. Ашық ұйымдастырылған оқу қызметтері мен білім беру нәтижелері
3. «Алақай, жаз келді» - жазғы шынықтыру – сауықтыру іс – шараларын талдау, техникалық қауіпсіздік.
4. Балабақшаның жеткен жетістіктері

Тыңдалды: Балабақша менгерушісі З.Калсаева, жиналысты ашық деп жариялап, күн тәртібінде қаралатын мәселелермен таныстырды.

Бірінші мәселе бойынша сөз алған балабақша әдіскері, былай деді: Қазіргі кезеңде баланы тұлға ретінде қалыптастыру, оның бойына ұлттық әдеп-ғұрып пен салт-дәстүр мұраларын сіңіру, имандылыққа тәрбиелеу бүкіл халықтық іске айналып, жұртшылық назарын аударуда.

Тәрбие тағлымы баланың нәрестелік шағынан бесік жырымен біртіндеп іске асырылып, санасына орнығып отыратын ұзақ үрдіс. Сол себептен қоғам өміріндегі білім беру саласындағы әрбір жаңалық мектепке дейінгі тәрбиеге тікелей әсер етіп, тәрбие мазмұнын жанарту ісіне ықпал жамап келеді.

Бағдарламаға сәйкес бейнелеу өнері сабақтарына басшылық жасауда тәрбиеші баланың күнделікті өмірден алған әсерлері мен психикалық процестеріне: есте сақтауы, қабылдауы, ойлауы, қиялдауы және арнайы қабілеттілігінің дамуына ықпал етуін ескертуі тиіс. Бейнелеу өнері сабақтарын ұйымдастыруда айналаны бақылату үшін саяхаттар мақсатты серуендерге апарды, көргендерін ой елегінен өткізіп, танымдық қасиеттерін дамытуды, баланың белгілі бір затқа немесе құбылысқа зейінін тұрақтандырып, бейненің сипатына қарай іс-әрекет тәсілдерін таңдап алуға бағыттады.

Екінші мәселе бойынша, балабақша әдіскері баяндады. Ашық ұйымдастырылған оқу қызметтері мен білім беру нәтижелері өз деңгейінде, 5 топ тәрбиешілері балалардың жасерекшелігіне сәйкес ашық ұйымдастырылған іс әрекетін өтті.

Үшінші мәселе бойынша бақшаның шаруа меңгерушісі, балабақша қызметкерлерін жазғы сауықтыру, шынықтыру және балалар өмірі мен денсаулығын сақтау, техникалық қауіпсіздігін сақтау бойынша нұсқаулықтармен таныстырды.

2023-2024 оқу жылында балабақшаның жеткен жетістіктері талқыланып, кемшілік тұстары айтылды. Алдағы уақытта кемшіліктерге жол берілмеуін қатаң түрде балабақша меңгерушісі ескертті.

Жиналыс соңында қаулы қабылданып, шешім шығарылды.

#### Шешім:

1. Салт – дәстүр үрдісінде адамгершілік қасиеттерін дамытуда қолданылатын сюжетті рөлді ойындар қоры толықтырылсын.
2. Ашық ұйымдастырылған оқу қызметтері мен білім беру нәтижелері қанағаттанарлық деңгейде. Қадағалау жұмыстары әдіскер – Г. Умикуловаға міндеттелсін
3. «Алақай, жаз келді» - жазғы шынықтыру – сауықтыру іс – шараларын талдау, техникалық қауіпсіздік шаралары сақталсын, балабақша қызметкерлері толық таныстырылсын.
4. Балабақшаның жеткен жетістіктері қанағаттанарлық деңгейде деп бағалансын.

Балабақша меңгерушісі  З. Калсаева  
Хатшы  Ж. Жумабаева



Келес аудандық білім бөлімі  
ЖШС «Алтын ұя-2050» бөбекжай балабақшасында  
менгеруші жанындағы жиналыстың

№3 Хаттамасы

Қатысқаны: 10  
Қатыспағаны:

12 - наурыз  
2024 жыл

Күн тәртібінде

1. МАД топтарындағы ұйымдастырылған іс әрекетін өткізу сапасы, туындайтын қиындықтар
2. Мектеп пен балабақша және отбасы қарым – қатынас жұмыстар
3. «Қатынас» саласы мнемокесте арқылы тіл байлығын дамыту салыстырмалы тексеру. Ортаңғы топтар
4. Мерекелер қарсаңында балалармен жұмыс жасау жүйесі

Тыңдалды:

Күн тәртібіндегі бірінші мәселе бойынша балабақша менгерушісі З.Калсаева, күн тәртібіндегі мәселелермен таныстырды, танымдық құзыреттілік арқылы баланың рухани адамгершілік, патриоттық сезімдерін тәрбиелеу нәтижесін айтты.

МАД топтарындағы ұйымдастырылған іс әрекетін өткізу сапасы, туындайтын қиындықтар туралы балабақша әдіскері – баяндады. Мектепке дейінгі жастағы балаларды дамытудың өзектілігі бір ғана мақсатпен түсіндіріледі: дені сау, ақылды және мейрімді, терең ойлы бала қалыптасатындай білім беру. Сондықтан мектепке дейінгі білім беру бағдарламаларында баланың жан-жақты дамуын көздейді. Адамгершілік тәрбиесі жастардың қоғам, отбасына, еңсе, білімге, Отанға, жер бетіндегі бейбітшілікке қатынасын қалыптастырады. Салыстырмалы тексеру қортындысы бойынша бастапқы деңгейге қарағанда ересек топта ілгеріндеу көзге көрініп тұр. МАД «Алтын ұя» - 2,7.

Екінші мәселе бойынша «Мектеп пен балабақша және отбасы қарым – қатынас жұмыстар» туралы балабақша әдіскері баяндады.

Отбасы адамзат бесігін тербеткен ұя болса, баланың бас ұстазы – ата-ана. «Балапан ұяда не көрсе, ұшқанда соны іледі» деген ата-бабаларымыздан қалған асыл сөздің сырына үңілер болсақ, бала әкеден ақыл, анадан мейірім алады.

Отбасы мен балабақша арасындағы байланысты күшейтіліп, бағытты жұмыс жүргізіліп, ұйымдастырылатын мерекелік іс-шараларға және топ жиналыстарына ата-аналарды таратудың қажеттілігі:

- Балалар маңызды жетістіктерге жетіп жүр;

- Балалар еліктеудің жаңа үлгісін алып жүр;
- Ересектер мұғалім жұмысымен жақын танысып, оны бағалай біледі;
- Ата-аналар және отбасы мүшелері өздерінің бала тәрбиелеуге, оқытуға қатысы бар екендігін сезініп жүр.

Үшінші мәселе, бойынша сөз алған балабақша әдіскері: «Қатынас» саласы мнемокесте арқылы тіл байлығын дамыту салыстырмалы тексеру қорытындылады. Ана тілінің базалық құндылықтарын меңгеру және басқа тілдерде мәдени-әлеуметтік өзара қарым-қатынасқа дайындау, көптілді тұлғаны тәрбиелеу үшін жыл бойы жұмыстар жүргізілді. Мектепке дейінгі ересек жастағы бала сауат аша бастағанда өзінің тілін талдауға кіріседі және оның сөйлемдерден тұратынын біледі, ал сөйлемдердің жекелеген сөздерден, сөздердің буындардан, буындардың дыбыстардан құралатынын түсінеді.

Сауат ашудың бастапқы кезеңі – бұл баланың бойында тілге жаңа көзқарасты қалыптастыру. Сөздерге дыбыстық талдау жасау дағдыларын үйрету, әр оқу қызметке бағыттау жақсы нәтиже береді. Сөздерді буынға бөлдіру, сөздермен, сөйлемдермен таныстыру. Психологиялық тұрғыдан қарағанда, сауат ашудың бастапқы кезеңі-бұл баланың бойында тілге жаңа көзқарасты қалыптастыру. Тілдің өзі, оның сыртқы дыбыстық жағы таным нысанына айналады. Сондықтан сауат ашу кезеңінде фонемалық естуді, сөз тасқынындағы жеке сөздерді, сөздегі дыбыстарды айыра білу икемдігін дамытуға көп көңіл бөлінеді.

Сөздер мен жекелеген дыбыстардың дыбыстық бейнелерін қалыптастыру негізінде бала сөйлеу нормаларын меңгере бастайды, оның дұрыс айтылуына көңіл бөледі. Сөздің дыбыстық құрамы ана тілінің грамматикалық құрылысын игеру кезінде де, сауат ашу тұсында да орталық түйін болады.

Төртінші мәселе, мерекелер қарсаңында балалармен жұмыс жасау жүйесі орныққан және толыққанды түрде жүргізілуде. Ертеңгіліктердің мәнді де сәнді өтілуіне жауапты ән жетекшілер екенін нақтылап өтті. Жиналыс соңында қаулы қабылданып, шешім шығарылды.

#### Шешім:

1. МАД топтарындағы ұйымдастырылған іс әрекетін өткізу сапасы қанағаттанарлық деңгейде деп бағаланып, туындайтын қиындықтардың алды алынсын.
2. Мектеп пен балабақша және отбасы қарым – қатынас жұмыстар
3. «Қатынас» саласы мнемокесте арқылы тіл байлығын дамыту бойынша, салыстырмалы тексеру қорытындысы бойынша қанағаттанарлық деңгейде деп бағалансын.

4. Мерекелер карсаында балалармен жұмыс жасау жүйесі негізделсін.  
Қадағалау әдіскерге міндеттелсін.

Балабақша меңгерушісі у.м.а. *З.Қалсаева*  
Хатшы: *Ж.Жумабаева*



Келес аудандық білім бөлімі  
ЖШС «Алтын ұя-2050» бөбекжай балабақшасында  
менгеруші жанындағы жиналыстың

№2 Хаттамасы

Қатысқаны: 10

Қатыспағаны:

01- желтоқсан

2023 жыл

Күн тәртібінде

1. Денсаулық саласы бойынша ересек топтарда денсаулық сақтау техникаларын жүзеге асыру
2. «Таным» саласы бойынша кіші топтарда көрнекіліктер сапасын тексеру
3. Топтардағы табиғат бұрышының жағдайы тақырыптық тексеру (байқау)

Тыңдалды: Балабақша менгерушісі А.Даниярова, жиналысты ашық деп жариялап, күн тәртібінде қаралатын мәселелермен таныстырды.

Бірінші мәселе ойынша «Денсаулық» саласы бойынша ересек топтарда денсаулық сақтау техникаларын жүзеге асыру туралы балабақша әдіскері баяндама жасады.

- Балалардың желтоқсан айына дейінгі құзыреттілік деңгейін анықтау индикаторы бойынша «Денсаулық» саласының тақырыптық білімдерінің жалпы пайызы слайдтан көріңіздер деп сөзін аяқтады.

Екінші мәселе бойынша балабақша менгерушісі А.Даниярова, кіші топтардағы балалардың «Таным» саласы бойынша іс-әрекетінің мазмұнын сараптады.

«Таным» білім беру саласының базалық мазмұны:

- Сенсорика
- Құрастыру
- Қоршаған ортамен таныстыру ұйыдастырылған оқу іс-әрекетінде жүзеге асады.

Сенсориканың негізгі мақсаты: заттардың ерекше қасиеті ретінде түсі, көлемді, пішінді атап көрсете білуге тәрбиелеу, осы қасиеттерді немесе саналарды меңгерту.

Міндеттері:

1. Балаларды заттардың сенсорлық қасиеттеріне зейіндерін аударуға үйрету, біркелкі нысандардың көлемі, пішіні, түсі бойынша ұқсастықтары мен айырмашылықтарын анықтаудың қарапайым жолдарын қалыптастыру.

2. Балалардың өздеріне жақсы таныс нысандардың ерекшеліктерін жеткізе алуы үшін заттардың белгілерін өз әрекеттерімен қолдануларын бекіту.

3. Зат құралдарымен әрекет жасауларын, ұсақ қол моторикасын дамыту.

Құрастырудың мақсаты: балаларды құрылыс материалдарының негізгі түрлерімен таныстыру және қарапайым құрастыру іскерліктерін дамыту.

Міндеттері:

1. Түрлі құрылыс материалдары, жеке құрылыс материалдар бөлшектерінің пішіні, көлемі, олардың құрастыру қасиеттері туралы ұғымдарын қалыптастыру.

2. Кеңістік бағдарлау, қарапайым құрылыс салу, оларды қалпына келтіре білуді дамыту.

Үшінші мәселе бойынша бақшаның әдіскері топтардағы табиғат бұрышының жағдайы тақырыптық тексеру (байқау) бойынша, қорытынды жасады.

Жиналыс соңында қаулы қабылданып, шешім шығарылды.

#### Шешім:

1. Денсаулық саласы бойынша ересек топтарда денсаулық сақтау техникаларын жүзеге асыру жұмыстары қарқынды түрде жүргізілсін.

2. «Таным» саласы бойынша кіші топтарда көрнекіліктер сапасын тексеру қорытындысы қанағаттанарлық деп бағалансын.

3. Топтардағы табиғат бұрышының жағдайы тақырыптық тексеру (байқау) бойынша қанағаттанарлық деңгейде деп бағалансын. Қадағалау әдіскерге міндеттелсін.

Балабақша меңгерушісі

Хатшы



А. А. Атанярова

К. К. Келсаева

Үшінші мәселе бойынша әдіскер – баяндады. Балабақшаға жаңа келген балаларды балабақшаға бейімдеу мерзімінде әр бала әр түрлі сипатта өтеді. Қалай болғанда да ата-анасынан 6-8 сағатқа ажыраудың өзі балаға ғана қиын емес, оның анасы үшін де күйзелісті жағдай. Тәрбиешілер қаншалықты қамқор болса да, олардың ешқайсысы ана махабаты мен оның айрықша ықыласына бөлендіре алмайды, себебі тәрбиешілер екінші ана әрі орта есеппен 15-20 балаға ортақ. Кез-келген ана мұны жақсы түснелі. Балабақшаға бейімделу кезеңі бала мен анаға аса ауыр тимеуі үшін, баланың да, оның ата-анасының да балабақшаның ұнауына көмектесетін қарапайым ережелерді айтып отырдым.

Жалпы балалар арасында «балабақша жағдайына көнетін» және «балабақша жағдайын қабылдамайтын» балалар кездеседі.

Нәтижесінде жаңа келген балалардың балабақшаға бейімделуі біздің балабақшаға үйрене алмай қиналған бала болған жоқ. Барлық балалар тез үйреніп, әр бала өз тобына және тәрбиешісіне бауыр басып кетті. Оған балаларға бақшаның ұнағаны және тәрбиешілердің дұрыс әдіс-тәсілдерді қолданып, жақсы жұмыс жасағандарының нәтижесі. Демек балабақша көркейіп, жақсы жұмыс жүріп жатқандығын көрсетеді, - деп сөзін аяқтап, жиналыс соңында қаулы қабылданып шешім шығарылды.

### Шешімі:

1. Күн тәртібінің ұйымдастырылуы әдіскерге жүктелсін.
2. ҚР «Білім туралы Заңнамасы» бапты оқып үйрену барлық тәрбиешілерге жүктелсін.
3. Жаңа келген балаларды балабақшаға бейімдеу жұмыстарын жандандыру әдіскерге жүктелсін.

Балабақша меңгерушісі:  
Хатшы:



А. Даниярова  
З. Калсаева